

1999 жылғы 23-25 қыркүйекте Алматы қаласында Азияаралық темір жол магистралінің Солтүстік дәлізін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының бірінші мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 қыркүйек N 1416

Негізгі халықаралық бағыттарды қалыптастыру және оларды кейіннен құрлықаралық еуропалық-азиялық көлік жүйелеріне кіріктіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Азияаралық темір жол магистралінің Солтүстік дәлізін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының бірінші мәжілісін, бюджеттік қаржыландыру қаражатын тартусыз, 1999 жылғы 23-25 қыркүйекте Алматы қаласында өткізуге келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп Азияаралық темір жол магистралінің Солтүстік дәлізін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының бірінші мәжілісін өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жол жүру құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі делегациялардың

әуежайда, жүру бағыттары бойынша қауіпсіздігін, олардың болатын орындарында (бағдарлама бойынша), сондай-ақ мәжілісті өткізу барысында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК